

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қарашадағы № 10-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы"

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы № 31-9 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 шілдеде № 2274 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 36-4 қаулысымен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының
29.10.2014 № 36-4 қаулысымен.
Р Қ А О - ның ескертпесі .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат
Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қарашадағы № 10-4 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1862 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 қаңтардағы № 1 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақта :
«екі айлық есептік көрсеткіш» деген сөздер «үш айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың ауданның әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына

ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>М. Әбішев</i>	<i>Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы</i>	<i>Аудандық мәслихат хатшысы Б. Дондаұлы</i>
------------------	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК